

29 тамызда №36 ЭБЖОБББМ-де «2025-2026 оқу жылында мектептің білім беру саясаты және басымдықтары» тақырыбында Бірыңғай педагогикалық кеңес өтті.

Педагогикалық кеңестің мақсаты білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруға бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету, педагогикалық ұжым қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі міндеттерін айқындау болып табылады.

Педагогикалық кеңес барысында келесі мәселелер қаралды: «Жаңа оқу жылындағы №36 ЭБЖОБББМ жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы», «Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы», «Мектептің ұйымдастыру-шаруашылық қызметі туралы».

Мектеп ұжымы «2025-2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқаулық хатты; «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын іске асыруды; білім беру процесінде жасанды интеллект технологияларын қолдануды басшылыққа алды, ЖИ қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарын сақтау бойынша мектепшілік құжатты әзірледі және бекітті; білім беру ұйымдарында Академиялық адалдықты сақтау қағидаларын бекітті.

На педагогическом совете присутствовала старший преподаватель АО «НЦПК Орлеу» ИПР по ПО Каримова Баглангуль Тусуповна.